

құндылықтардың құрметтелуі. Халықтық бастамашылдықтың билік тарапынан қолдау тауып отыратындығы. Кім, қашан, қай жерде, қалай ай-там десе де ешбір тосқауылдың қойылмауы. Бұл қазақ халқының дәстүрлі өнері - айтыстың дамуына,

басқаша айтқанда, астарында тек ақиқат ай-тылатын айтыстың да, айтыс арқылы жария бола-тын ақиқаттың да салтанат құруына мүмкіндіктің берілуі - замансөздің бір тармағы - шешенсөздің жасампаздығына даңғыл жол ашып отыр.

Статья посвящена исследованию феномена айтыса как жанра устной казахской публицистики. Автор рассматривает фактическую основу данного вида фольклорного и публицистического творчества, описывает, как через песенные состязания пишется жизнь народа. К айтыскерам всегда прислушивались сильные мира сего, потому что именно в словах акына озвучивались все новости степи. Также автор оценивает уровень истины и импровизации как главные особенности айтыса.

The article is devoted to research of the phenomenon of aitys as a genre of oral Kazakh journalism. The author examines the factual basis of this type of folklore and journalistic creativity, passes through both the song contest and the life of the people. Aitys always listened to the mighty of this world, because in the words of poets voiced all the news of the steppe. The author also evaluates the level of truth and improvisation as the main features of aitys.

А. Құрманбаева

«Дала уалаяты газеті» - экология мәселесі

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

УДК 070(091)

Аңдатпа. Кең байтақ Қазақстанның біраз аумақтары әскери полигондар және ғарыштық техника-ны сынау кезінде зақымданды. Бұрынғы Семей ядролық полигон аумағында ауыл шаруашылық жайылымдардың 2 миллион гектарға жуығы радиоактивті болып есептеледі. Арал және Семей өлкелері экологиялық апат аймағы деп танылды. Табиғи экологиялық жүйе бұзылғандығы, флора және фауналардың азып-тозуы, тұрғындардың денсаулығына маңызды зиян әкелгендігін айтады.

Экология. Сынақ. Қоғам.

Экология - әлемдік, күллі планетаны шарпып келе жатқан індет. Оның үлкен ошақтары Қазақстанда да жетерлік. Мысалы: Семей полигонының тастап кеткен, әлі талай жылдарға созылатын «індет көздері, 70-80 жылдың ішінде ұшан теңізді сарқытқан Арал апаты, әлі күнге дейін Ресей үкіметі, тірі жанды қырып-жоюға бағытталған қару-жарақтарды сынау алаңы -Нарын құмы. Бұларға Солтүстік көршілеріміз, бетон аландарынан көтерілгенде, Қызылорда ғана емес, Қарағанды, Ақтөбе облыстарын бір «қопандатып» қоятын, айғайлап жар салып отырған Байқоңыр кешенін қосыңыз.

Халық даналығы: «Ақылды адам қолайсыз жағдайдан әр уақытта құтылып шыға алады, ал дана адам мұндай жағдайға түспейді» - деген сөз бар. Өкінішке орай, адамзат даналығы жетпей, экология қиын дағдарысқа түсті. Ендігі амалымыз, бүкіл ақыл-ойымызды пайдаланып, осы

қиыншылықтардан кешігіп қалмай, шыға білуіміз керек.

Президентіміздің «Ұзақ мерзімді басым мақсаттар мен оларды іске асыру стратегиясы» санатына «барлық қазақстандықтардың өмір сүру жағдайларын, денсаулығын, экологиялық ортаны жақсарту проблемаларын қосқаны белгілі.

Ал кейбіреулердің ұйғарымынша, аталмыш мәселе таяу арада ғана көтеріліп отырғандай көрінер. Сонау 1892 жылдың өзінде «Дала уалаятының газеті» он бірдей санында «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» тақырыпты проблемалық очерк жариялаған.

«Экология» терминін жұрттар біліп жарыт-паса да сол очеркте аталмыш табиғатқа жанашырлық білдірген пікірлер кеңінен қозғалған.

«Шалдардың сөздерінің жарымына нанған мезгілде де, бұрынғы уақытта қыс мұндай емес, күн жақсы, жер-су мол, шөп көп, халық әділетті, қулық-сұмдық жоқ екен. Осы күнгі қазақтардың тұрған

жерлерінің жер-суы жақсы болған соң қазақтар неше мәрте қалмақтармен ұрысып, соғысып, қалмақты күшімен айдап шығарған екен.

Енді бұрынғыны айтып отыратын қарттар байқай ма екен бұрын күннің жылы болатыны сол замандағы орман ағаштың көптігінен екенін, осы күнде сондағы ағаш, таулар да аз, қырып бітірісіпті.

Бұрынғы заманда тауларда орман көп болып, орманда қар көп болып, қардың себебінен су көп болып, ала жаздай тау-таудан өзен-сулар тартылмайды екен. Сол себепті жердің шөбі жақсы болып, мал да артық болады екен. Бұ күнде ондай емес.

Қазақтар барша орманды қырып, қалғанын осы күнге шейін тауысып жүр. Қазақтарға көп ағаштың керегі жоқ дегеннің зиянды екенін ойламай, тек малға кең болса, болды, хәм өткір көздерімен қарап, қарауылдап жүруге дала болса болады. Сол себептен бұрынғы өзен-бұлақтар тартылған соң, бірдене қылып құдық қазатын болысты, көбінесе сулары ащы болады.

...Осы күнде қырда сондай жақсы еш нәрсе қалмаса да, бұрыннан қалған сым тастарға, қорғандарға қарағанда, баяғыда бұ далаларда тұру жаман болмағаны»[1], - деген пікірлерді ұшырастырамыз одан.

Демек, біздің қазіргі кезде аузымыздан тастамай, күделікті айтып жүген экологиялық мәселелерімізге қазақ халқы ертеден-ақ ерекше мән беріп, тіршілік әрекетін соған сәйкес жүргізе білгенінің айқын бір дәлелі - аталмыш очерк. Күнделікті тұрмыс-тіршілігімізде табиғаттың барлық жанды, жансыз туындыларына қиянат жасауға үнемі қарсы тұрып, «обал», «сауап» деген ұғымдарды кейінгі ұрпағына ұлағат етіп қалдырған. Халықтың бұл тұрғыдағы экологиялық тағылымы осы күнге дейін толық мәнінде зерделеніп, зерттелмей келеді.

Әрбір жеке табиғат байлықтарына және оның дара туындыларына да арнайы айтылған экологиялық тыйым сөздер де халық арасында кеңінен таралған. Мысалы: күнделікті өзіміздің мұқтажымызды өтеп жүрген ауыз судың тазалығын сақтауға арналған тыйым сөздер - «суға түкірме», «суды ылайлама», «өзің ішетін суға өлген ит тастама», «су ішкен құдығыңа түкірме», «бұлақты былғама», т.б.

Жер бетінің сән берер сәулеті мен бағалы байлық дәулеті деп есептелінер жасыл желекке, орман-тоғайға қатысы бар тыйым сөздер қаншама!

«Көкті жұлма!», «көкті таптама», «құрыққа орақ салма», «жас көшетті сындырма», «орманды өртеме», «орманды отама», «жалғыз ағашты кеспе», «бауға балта шаппа», т.б.

Жан-жануарларды аялау, қорғау, мейірімділік көрсету жайы да тыйым сөздер көптеп кездеседі. «Құмырсқаның илеуін бұзба», «өрмекшіні өлтірме», «аққуды атпа», «құндызды аулама», «құларды шулатпа», «жаралы аңға оқ атпа», «құяны бұзба», «үйге кірген жыланның да басына ақ құйып шығар», т.б.

Қазақ ұғымында «табиғат» деген ұғым «туған жер» деген сөзбен мағыналас, мазмұндас айтылады. Мысалы: «Туған жерге туыңды тік», «Туған жердің топырағы да киелі», «Жері байдың - елі бай», «Қара жер қарыз арқаламайды», «Жер - ана, ел - бала», «Тозған жерде тоқшылық болмайды», «Күте білсең - жер жомарт», «Туған жердің түйе аунайтын топырағы да киелі, түйе жейтін жантағы да киелі». Осылай кете береді.

Қазақ халқының туған жерге деген ыстық ықыласы мен аялы алақанын, жүрек жылуын сөз еткенде, даламыздың данышпан абызы әрі ақылгөйі Асан қайғы бабамыз асқар таудай алыстан көрінеді. Сондықтан да қазіргі кезде Асан қайғы бабамызды қазақтан шыққан тұңғыш эколог деп мақтан етуімізге болады. Оның Желмаяға мініп алып, Жерұйықты іздеуі, қазақ жерінің әрбір өзен-суына, кең-байтақ даласына берген бағасы осы күнге дейін өз құнын жойған жоқ.

Күллі түркі халқының данышпаны саналатын Қорқыт атаның қалдырған мұраларында да «асқар тауларың құламасын, саялы ағаш сынбасын, қанаттарың қырқылмасын» деген ұғымдар - туған жеріңнің табиғатын аялай біліңдер деген аталы сөздер!

Шығыс халықтарында имандылықтан келетін үш сауап бар: шөлге құдық қазған, өзенге көпір салған, жолға ағаш еккен. Шөлді жерде құдық қазып, халық шөлін қандырса, малын суарып, айналасына жасыл желек отырғызса - табиғаттың көркі емес пе! Бұл - адамдарды жақсылық істерге жұмылдырудағы өнегелі өсиет.

«Бабалар еккен шынарды балалары саялайды», «Бағбан болсаң - бақ өсір, балама деп тағы өсір», «Әкеңнен мал қалғанша, тал қалсын», - деген нақылдарда қаншама ұғым бар!

Сыр бойының қыр сүлейлерінің бірі - Нұртуған Кенжеғұлұлы: «Байладым басты өлімге, мақпалдай

шөбі түрленген атамекен жер үшін!», - деп жырлап өткен.

Бекет ата туралы айтылатын аңыз-әңгімеде ұстазының: «Келер жылға жетерлік отын жинап келіндер», - деген өтінішін орындау кезінде, басқа шәкірттер көбірек отын әкелсе, Бекет ата аздаған қураған ағаш әкеледі. Оның мән-жайын сұраған ұстазына: «Жас ағашқа жаным ашып, кесуге батпадым, сондықтан қурағандарын ғана алдым», - деп жауап берген. Оған әбден разы болған ұстазы Бекет шәкіртіне ақ батасын берген көрінеді.

Қазіргі таңда да, ақын-жазушыларымыз табиғат, экология мәселесіне үлкен көңіл бөліп келеді. Мысалы, ақын Қадыр Мырза Әлі ағамыздың «Заманай» экологиялық поэмасының «Табиғат пен тасырлық» тарауында: «Безендіріп құмдағы, //Саздағы аңды, //Жер соқтарды, // Жылатты мәз даламды. //Қоғам азған, //Ел азған, // Заман азған... //Бірақ жер дәл бұлай азбаған-ды! //...Сайқал заман түсті де ер ізіне, //Салды ауызын шалқар мен теңізіме... //Мың бұлақтан қалмады жүз бұлақ та, //Сексен көлден қалмады сегізі де!//Полигондар - құрық та, //Аралдар да! //Өстіп жүріп адамзат арандар ма! //Таба тұрып ақы-адал еңбегіңмен, //Күдікпенен қарайсың тағамдарға!»[2] - деп қазіргі хал-күйімізді әсем поэзия тілімен әспеттеп бергенінің куәгеріміз.

Қазіргі таңда қай-қайсымызды болсын планетаның алмағайып халі алаңдата береді. «Соңғы 300 жыл беделіндегі қиялды қамшылай-тын адамзаттың ғылыми жетістіктері кісі қылығының даналығы және көрегендігімен үзеңгілес жүре алмағанына» автордың көңілі құлазиды. Аландаушылық білдіреді. Оқырман-дарын да сондай халге итермелейді.

Қазақстанда соңғы бес жылда түрлі өн-діріс орындары мен өнеркәсіптер саны көбейіп, олар жыл өткен сайын қарқынды дамып келеді. Дегенмен бұлардың барлығы ауаның ластануына, Қазақстан экологиясының бұзылуына әкеп соғатыны белгілі. Осының салдарынан республика өңірінде жиырма миллиард тоннадан артық қалдықтар пайда болған, оның үштен бір бөлігі токсидті болып табылады. Бұлардың дені - қара металлургия, мұнай химиясы, құрылыс материалдарын шығаратын өнеркәсіпорындарынан шыққан қалдықтар. Өз кезегінде мұндай алып кәсіп-орындар мемлекеттік тапсырма бойынша ар-найы жобаларды қолға

алғанымен, Қазақстан экологиясы әлі де жақсы нәтижелерді күтуде.

Осы экология проблемасына қатысты тек қана қазақ экологиятану ғылымында теориялық қисындар келтіріп жатқан ізденушілер бай-қалмайды. Аталмыш тақырып жөнінде жалпы-лама жазып жүргендер баршылық. Олардың ішінде Жазушылар Одағының мүшесі Энгельс Ғаббасовқа тоқталатын болсақ. Оның негізгі қозғап жүрген мәселесі - Қазақстанның батыс аймағындағы қару-жарақ және биологиялық зиянды заттарды сынаудың қатерлі де кеселді әрекеттерін жария ету. Ал өзі өнертапқыш, бірақ табиғат тағдыры үнемі мазалаған журналист-инженер Сейілбек Қышқашев республика төңірегіне атом электр станцияларын салу мен Байқоңыр ғарыш айлағынан ұшатын ғарыш кемелерінің зымыран-жеткізгіштерінің айнала қоршаған ортаға тигізер қыруар залалдарын жазумен келді. Үшінші бір автор - Арал тұрғыны, гидроинженер Хамза Суханбердин - өзінің «туған теңізінің» тағдырын, оның қазіргі мүшкіл халін әлемге танытуды алдына мақсат етіп алған. Ал республикалық экологиялық «Атамекен» газеті болса, экологияның кез келген көрінісі жөнінде проблемалық мәселелерді көтеріп келеді.

Бір жағынан, аталмыш авторлардың экология проблемасын баспасөз беттерінде қалың оқырман қауымға түсінікті тілде, жүйелі түрде жеткізе алатындығы сөзімізге дәлел болса, екінші жағынан, олардағы ортақ бір кемшілік - барлық уақытта дерлік тек қана болған уақиғаны, көз алдындағы фактіні қаз-қалпында келтірумен ғана шектеледі. Оларды теориялық тұрғыдан дәйектеу байқалмайды. Бүгінгі таңда маңдайалды тақырыпқа айналған экологияның баспасөзде жазылу шарттарын саралайтын теориялық еңбектер мүлде жоқ екенін қынжыла мойындауға тура келеді.

Бүгінге дейін эконублицистикатану саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстардың арасынан «экология тақырыбының теориялық ерекшеліктері» дегендей мәселе көтерілмеген. Әсіресе экология тақырыбын түбегейлі зерттеу мүмкіндігі туғаны; көтерілген мәселелерге сәйкес ғылыми негіздемелерге қоса, публицистикаға қатысты мақалаларды, соңғы деректерді салыстыра талдау; проблемалық не публицистік жарияланымдар мен ғылыми-танымдық эколо-гиялық материалдардың ара жігін ашып көрсету мәселесі қолға алынбай отыр.

Осы жағдай тұрғысында америкалық оқымысты-жазушы-эколог Р. Риклефс өзінің «Жалпы экология негіздері» атты кітабында: «Экологияның танымал сөзге айналғаны соншалық, оны не болса, соған тазарту ғима-раттарын салуға, жерді пайдалануды аймақ-тық деңгейде жоспарлауға, қағазды қайта өңдеуге және көкөністерді тек органикалық тыңайтқыштарды қолдана отырып, өсіруге айдар етіп таға салатын болды, - деп налиды. Сосын өзінің токтерер дәйектемесін былай түйіндейді. -Егер біз табиғатпен қандай да бір пәтуға келгіміз келсе, онда көбіне-көп ол ұсынған шарттарды қабылдауымызға тура келеді» [3].

Автор осы дәйексөзінде қарастырылып отырған проблеманың сан салалы екендігіне жұртшылық назарын аударумен қатар, соңғы сөйлемінде күллі Табиғат, Жаратылысқа өктем-шілік көрсетіп, оның бұлжымас заңдылық-тарынан адамзат талаптарын, қомағайлығын, жалпы эгоизм танытпауын қайта-қайта еске салады.

Қазақстан экологиясы - өзектілігін жой-майтын күрделі мәселелердің бірі. Бүгінде бұл мәселеге еліміздің тұрғындары ғана емес, күллі әлемнің жұртшылығы оның шешілу жолдарына атсалысып, назарларын аударып отыр. Ал отандық бұқаралық ақпарат құралдары экология тақырыбын қаншалықты қозғап жүр? Ол жарияланымдар халыққа жетіп жүр ме? Ауаны ластанудан қалай сақтау керек және оның қандай жолдары бар деген сұрақтарға жауап бере алып жүр ме? Осы мәселеге тоқталайық.

Бүгінде ең жылдам әрі тиімді ақпарат түрлерінің бірі интернет желілері арқылы оқыр-ман кез келген ақпарат алуға құштар. Ақпарат агенттіктері өзге тақырыптарды қозғағандай экология мәселесінде жиі көтеріп жүр.

«Жазиралы жеріңнің емес, көгілдір суыңның қанша екендігін айт» деген шығыс мәтелі бар. Ол бүгін де өз маңызын жойған жоқ. Су мәселесі экологиялық маңызынан бөлек халықаралық қатынасты қалыптастырушы тіпті, кез келген табиғи ресурс ретінде тауарға айналып, сауда нысаны бола алатындығына көзіміз жетіп отыр. Алайда еліміздегі судың жағдайы көңіл құлазытады. Одан өзге Қазақстан жағдайында экологиялық бірнеше мәселелерді топтастырып көрсетуге болады. Олар: су-экологиялық мәселесі, шөлейттену мәселесі, қоршаған ортаның ластануы, генофондты сақтау мәселесі, әскери қызметтің экологиялық мәселелері,

табиғи ресурстарды рационалды пайдалану мәселелері.

Осы аталғандардың ішінде Арал мәселесі өзектілігі артқан күрделі күйде екендігі баршамызға аян. Арал теңізінің тартылуы ауаға зиянды заттар бөлетін негізгі аймақ болып отыр. Бұл зиянды бөлшектер оңтүстіктен батысқа Үстірт арқылы Каспийге түсіп жатыр. Нәтижесінде тұзды тозаң қабаттар пайда болып, биікке әрі алыс аймақтарға тарауда. Аралдың суы күннен-күнге тартылып барады дегеніміз, улы тұздар бұрынғысынан да толығы түседі дегенді білдіреді.

Біз «экология» терминін тек қана табиғатқа қаратып, бұрып алып жүрміз. Бұлар, әлгінде айтқандай, адамзат қауымының өткен тарихи-биологиялық өмір жолынан қалған жағымсыз зардаптар болса керек. Бірақ бір байқайтын нәрсе - сол зардаптар, әсіресе өткен ғасырда, күллі планетаға терең де көлемді залалын тигізіп, зор қауіп төндіре алатын қатерге айнала бергенін байқаймыз.

Аталмыш пікірді академик С. Тілеубергенов: «Табиғат күштерін адамзат игілігіне пайдалану үшін игеруге күмән келтіруге болмас. Ол -қайта қажетті. Алайда бұл жерде «игеру» сөзі «коэволюция» («әлемдік эволюциялық процесс» мағынасының термині) атауымен алмастырылуы тиіс. Коэволюцияның ұлы принципі - адам мен табиғаттың бірлесіп, үндестікпен даму принципі. Табиғат стратегиясы мен қоғам дамуы стратегиясының үйлесімділік принципі» [4] -деп қолдайды.

Ғалымдардың құпия да тиісті орындарға мәлімдеулеріне, ашық дабыл қағуларына қарағанда, Жер бетіндегі электр қуатын өндіру мен тұтыну, шамамен алғанда, енді 100 есе артатын болса (ал мұның өзі таяудағы келешекте әбден мүмкін), онда климаттың келеңсіз өзгерісін тоқтатуға мүмкіндік болмайды.

Бұл адамға, жерге жасалған жантүршігерлік эксперименттің басқа да түрлерін өзінің публицистикалық мақаласында академик С. Тілеубергенов одан әрі тізіп көрсетеді. Мысалы, Қазақстанның кең-байтақ даласы қырық жыл бойы тек сынақ полигоны және уран кенін өндіретін орталықтар болып қана қойған жоқ, сонымен қатар ядролық технологияның алуан түрлі зиянды қалдықтары көмілген сұмдық зиратқа да айналғанын, сөйтіп, республика аумағы бірте-бірте

баяу жарылатын ядролық бомбаның ең барып тұрған зұлымдыққа толы көмбесі қызметін атқарғанынан да мағұлмат аламыз. Автордың айтуынша, бұл жағдай, тұтас бір аймақтың биосферасы мен ноосферасын толық жойып жіберуге әбден жеткілікті және ол республикадан тыс, басқа аумақтарға да зардабын тигізетіні ақиқат көрінеді.

Экология мәселелерін қазақ газеттерінің барлығы да қозғаған болады. Алайда олардың көбісі аталмыш проблемаға жиі, сапалы түрде үлес қоса қоймаған. Алайда күллі планетаға қатысты экологиялық публицистиканың жан-жақты қарастырып, дәйектеу уақыт күттірмейтін жай деп білеміз. Бұл - экопублицистиканың мұңы.

Огромные территории Казахстана пострадали от деятельности военных полигонов и запусков космической техники. На территории бывшего Семипалатинского ядерного полигона около 2 млн. га сельскохозяйственных угодий подвержено радиоактивному заражению. Аральский и Семипалатинский регионы объявлены зонами экологического бедствия, где произошли разрушение естественных экологических систем, деградация флоры и фауны и вследствие неблагоприятной экологической обстановки нанесен существенный вред здоровью населения.

The vast territory of Kazakhstan suffered from the activities of military sites and the launch of space technology. In the former Semipalatinsk nuclear test site of about 2 million hectares of agricultural land subject to radioactive contamination. The Aral Sea and Semipalatinsk regions declared zones of ecological disaster, which occurred the destruction of natural ecosystems, degradation of flora and fauna due to unfavorable environmental conditions caused substantial harm to public health.

О. Ошанова

Камал Смайылов публицистикасы мәтіндерінің идеясы, эстетикасы мен этикасы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

УДК 070 (091)

Андатпа. Бұл мақалада көрнекті жазушы, публицист, ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері, қазақ киносы мен телевизиясының талантты ұйымдастырушысы Камал Смайыловтың шығармашылық өмірі, публицистикалық шеберлігі жан-жақты сөз болады. Автор қазақ журналистикасында ерек-ше қолтаңба қалдырған әрі қазақ мәдениетінің дамуына өзіндік үлес қосқан публицист-жазушының ұлттық мүддеге қызмет етудің, қоғамның көкейтесті мәселелерін көтерудің үлгісін көрсеткен журналистік қырын талдап, өзіндік тұжырымдар жасаған.

Публицистика. Ғалым. Жазушы.

Қазақ журналистикасының XX ғасырдағы шынайы бет-бейнесін сомдар болсаңыз, өткен ғасырдағы зіл батпан салмақты арқалаған ру-хани қайраткерлердің қатарынан, журналистикада өзіндік қолтаңба қалдырған бірегей та-ланттар шоғырынан Камал Смайылов есімін кездестіретініңіз хақ.

Камал Смайыловтың публицистикасы жай-лы ой қозғамай тұрып, ең алдымен, ол кісі ту-ралы жазылған естеліктерді бір парақтап алдық. Естеліктердің құндылығы көкейіне көп нәрсе тоқыған жандардың көзбен көргенін, көңілге түйгендерін ой сүзгісінен екшелеп алып барып,

Әдебиеттер:

- 1 Қазақтың естерінен кетпей жүрген бір сөз// Дала уалаятының газеті. Әдеби нұсқалар. 1888-1894. Құрастырушы Ү. Суханбердина. -Алматы: Ғылым, 1989. - 392-401 беттер
- 2 Мырзалиев Қ. Заман-ай // Жалын. - 1991. -№3. - 11-бет.
- 3 Риклефс Р. Основы общей экологии. - Москва: Высшая школа, 1979. - С. 6-7.
- 4 Тлеубергенов С. Нооэкология. - Алматы: Ғылым, 1996. - С. 96.